



ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТАРЫ МЕН ГРАНТТАРЫ ТАБЫСТАЛДЫ



– Осылайша, біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыра аламыз. Сондықтан халық пен білік арасындағы алтын көпірге айналған медиа саласының мамандарына зор жауапкершілік жүктеледі. Бүгінде Қазақстан Орталық Азия аймағында көшбасшы мемлекетке айналды. Біз көптеген салалар бойынша алда келеміз. Бірақ, тоқмейілсіп отыруға болмайды. Біз бір ел болып табанды еңбек етуіміз керек. Озық елдермен қатар тұратын бәсекеге қабілетті мемлекетке айналуы қажет. Осы міндетті жүзеге асыру жолында сіздердің, яғни журналистердің рөлі айрықша. Медиа мамандары халыққа шынайы ақпарат беріп, еліміздегі ахуалды азаматтарға жан-жақты түсіндіріп отыруы керек. Бұл – аса маңызды міндет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуын ақпараттық тұрғыда қамтамасыз ету ісіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының елеулі рөлін ескере отырып, еліміздің үздік журналистерін марапаттады.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысының Әкімімен Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары «31 арна» телеарнасының тілшісі Ирина Әлімжановаға, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы Абай Балажанға, «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Галина Вологодскаяға берілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні мерекесінде Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлықтарын, гранттарын және Алғысын салтанатты түрде табыстады.

Президент ақпарат саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, отандық медиа жаңа кезеңге қадам басқанын, қазір ақпарат тарату жылдамдығы, оның мазмұны, құралы – бәрі өте тез өзгеріп жатқанын атап өтті.

– Кеше ғана дәстүрлі және жаңа медианың бәсекесі туралы сөз қозғалушы еді. Ал бүгін сол сайттарды әлеуметтік желілер, мессенджерлер, платформалар ақпарат алаңынан ығыстырып жатыр. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Үкімет те, медиа менеджерлер де осы өзгерістерге дайын болуы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қалам ұстаған қауым жеке басының немесе бір топтың емес, елдің мәселесін көтеретініне назар аударды.

– Бұл – өткен ғасырда «Қазақ» газетінің аясында ұйысқан Алаш зиялыларынан бастау алған ұлы миссия. Осы міндетті абыроймен атқару үшін әр журналистің бойында ізденімпаздық, жауапкершілік және табандылық болуы қажет. Себебі ақиқат жолы – оңай жол емес. Ал журналистің ақиқаттан айнуға құқығы жоқ. Шындық пен шынайылық басты қағида болуы керек. Яғни, ақпарат арнасы адалдық алаңына айналуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, мемлекет, медиа және қоғам арасындағы келісім Әділетті Қазақстанның берік іргетасына айналуға тиіс.

– Бұл келісім ашықтық, сенім және адалдық қағидаларына негізделуі қажет. Әразамат, әрман өз ісіне адал болса, қоғамның сенімі артады. Ал сенім мен адалдық – әділетті қоғамның басты құндылықтары. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық санын жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруда басты рөл атқаруы қажет. Масс-медиа ақпарат кеңістігінде озық идеялар мен көзқарастарды ілгерілетуде мүмкіндігі мол. Сондықтан журналистердің қоғамда еңбек пен кәсібилік культінің орнығуына, азаматтардың бойында өз елінің тағдырына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруға атсалысуы маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінде отандық журналистиканың елдегі және әлемдегі үдірістерге өзіндік ерекше көзқарасы бар екенін атап өтті.

– Тек мықты, кәсіби және дербес масс-медиа ғана шынайы идеологиялық егемендігімізді қамтамасыз ете алады. Сондықтан жаңалықты жай ғана жариялап қоймай, оқиғалар мен құбылыстардың өзара байланысын көрсету, ұлттық мүддемізді кездейтін сапалы талдау жасау маңызды. Шетелде және біздің геосаяси төңірегімізде болып жатқан оқиғаларды объективті түрде жариялап көрсету бойынша отандық журналистердің алдында жауапты міндет тұр. Бұл міндетті сәтті орындау сіздердің қолдарыңыздан келеді. Мысалы, жуырда Ресейде болған оқиғаны жариялап көрсету барысында осылай болды. Азаматтарымыз бұл бүлік әрекетін алаңдаушылықпен қабылдағаны рас. Ол түсінікті. Өйткені Қазақстан мен Ресей арасын әлемдегі ең ұзын шекара бөліп жатыр. Біз бірыңғай экономикалық кеңістікте орналасқанбыз. Екі елді мыңдаған гуманитарлық байланыстар мен қатынастар біріктіреді, – деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың ақпаратты еркін алуы, пікірін ашық жеткізуі, ой еркіндігі Әділетті Қазақстанның айқын көрінісі екеніне назар аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде қаламын қаруына айналдырған тілшілер аз емес. Кейде олардың жазған мақаласынан, дайындалған репортажынан кейін өзекті мәселелер жедел түрде шешімін тауып жатады. Ондай тілшілерді Адал азаматтар десек, артық болмайды.

Президент сөзін қорытындылай келе, елімізді өркендету үшін ауқымды шаралар қолға алынғанын атап өтіп, осы жұмысты, оның нәтижесін халыққа сауатты әрі уақытылы түсіндіру, азаматтардың көкейінде жүрген өзекті мәселені, түрлі түйткілді билікке жеткізу тілші қауымының міндеті екенін еске салды.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы гранттарына «Orda.kz» ақпарат порталының тілшісі Илья Астахов, «Хабар 24» телеарнасының тілшісі Әділ Балтабаев, «Tengrinews.kz» ақпарат порталының тілшісі Рабиға Дүйсенғұлова, «Qazaqstan» телеарнасы ақпараттық-сараптамалық дирекциясы директорының орынбасары Саламат Омаш ие болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы Алғысы «Время» газеті, «Қызылжар-Ақпарат» ЖШС, «KazTAG» ақпарат агенттігі және «ТДК-42» телеарнасының шығармашылық ұжымдарына жарияланды.

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЗІРЕТ СҰЛТАН МЕШІТІНЕ БАРДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы Әзірет Сұлтан мешітіне барып, Қазақстан Құрбан айт мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар Мемлекет басшысының атынан құрбандық шалынды

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті журналистер! Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Әділетті Қазақстанды құру үшін қоғамда құндылықтар жүйесін жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың мән-мағынасы зор. Бұл бағытта еңбеккерлік пен білімпаздықты, адал азаматқа тән қасиеттерді дәріптейтін масс-медиа өкілдері айрықша рөл атқарады.

Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық диалог жүргізудің ашық алаңына айналып, мемлекет пен қоғамның өзара байланысын нығайтуға зор үлес қосып жүр. Еліміздің журналистері озық ой мен тың идеялардың таралуына дәнекер болып, азаматтарды толғандыратын

өзекті мәселелерді көтереді. Сондай-ақ оқиғаларды жан-жақты зерделеіп, популизм мен арандатушылыққа тосқауыл болады. Бұл – айрықша маңызды миссия.


Отандық медиа саласы қаламы жүйрік, ойы ұшқыр тілшілер қауымының кәсіби біліктілігі мен күнделікті тынымсыз еңбегінің арқасында дамып келеді. Қазақстан журналистері – өз ісінің хас шеберлері ғана емес, азаматтық ұстанымы берік патриоттар.

Осындай жауапты қызметте ердайым абырой биігінен көріне беріңіздер!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке және шығармашылық табыс тілеймін!

akorda.kz

ҚҰРМЕТТІ ЖЕТІСУЛЫҚТАР!



Барша мұсылман қауымының ұлық мерекесі – Құрбан айтпен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Ең жарқын да ізгі сезімдермен астасқан бұл мерейлі мереке қоғамда адамгершілік пен жанашырлықты, мейірім мен татулықты паш етіп, адамдарды бір-біріне жақындата түседі. Осы күні қиналғанға қол ұшын со-

зып, мұқтаждарға жәрдемдесіп, қайырымдылық жасаудың маңызы зор. Исламның бұл жасампаз құндылығы бүгінгі жаңа кезеңде еліміздегі этносаралық және конфессияаралық сындарлы диалогтарды, халықтың бірлігі мен түсіністігін одан әрі нығайтуда елеулі рөл атқаруда.

Ғасырлар бедерінде берік орныққан дәстүрлі танымдар мен ғибратты ұғымдарымызды ұлықтай отырып, облыс жұртшылығы бұдан былай да қоғамның одан әрі ұйысуына, рухани жаңғыруына, азаматтық белсенділікті арттыруға атсалысады деп сенемін.

Құрбан айт әр шаңырақты жылылық пен мейірімге толтырып, ырыс пен бақ әкелсін. Баршаңызға денсаулық, бейбіт өмір, құт-береке тілеймін. Жасаған құлшылықтарыңыз, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын!

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ МЕН ҚЫТАЙДАҒЫ ІЛЕ-ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯЛЫ ОБЛЫСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАҒДАҒАДЫ



Жетісу облысы мен Қытайдағы Іле-Қазақ автономиялы облысы арасындағы ынтымақтастық байланыстар жанданады. Бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Талдықорғанда қытайлық делегациямен кездесуі барысында бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысына ҚХР Шыңжаң - Ұйғыр автономиялы районының Іле-Қазақ автономиялы округі парткомының хатшысы Ян Сюли бастаған делегация арнайы келді. Қытайлық тараппен кездесуде облыс әкімі Бейбіт Исабаевпен бірге оның орынбасарлары, бірқатар басқарма басшылары, «Қорғас - Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының басшылығы қатысты.

Жиында облыс әкімі алдымен ресми қонақтарға жылы лебізін білдіріп, оларға облыстың стратегиялық бағыттары мен инвестициялық мүмкіндіктері жайлы баяндап берді.

«Біздің жер жанаты Жетісуға қаш келдіңіздер! Өздеріңізбен бүгін жүздесіп отырғанымызға қуаныштымын және

келгендеріңізге алғысымды білдіремін. Бүгінгі кездесу екі тараптың байланыстарын одан әрі жетілдіруге оң ықпал етеді деп ойлаймын. Жетісу облысы - инвестициялық мүмкіндігі зор аймақ. Өңірде 5 стратегиялық бағыт бойынша, атап айтқанда агроөнеркәсіп кешенін дамыту, көлік және логистика, туризм, баламалы энергетика және өнеркәсіп, оның ішінде жер қойнауын пайдалануды дамыту салаларына жаңа инвесторлар тарту, өңірдің инвестициялық әлеуетін арттыру жұмыстарын жүргізіп келеміз, - деп атап өткен Бейбіт Исабаев осы салалардың әрқайсысына қысқаша тоқталып өтті. Соның ішінде «Қорғас» шекара маңы аймағының мүмкіндіктеріне ерекше назар аударды. Облыс басшысы өз сөзінде қытайлық компанияларды өңіріміздің әлеуетті салаларына, яғни өңір экономикасына инвестиция салуға шақырды. Мұндай инвестицияның екі жақты ынтымақтастық аясын кеңейтудегі маңызы елеулі болмақ.

Өз кезегінде Іле-Қазақ автономиялы округі парткомының хатшысы Ян Сюли Жетісу облысының ауыл шаруашылығына, сонымен бірге тамшылатып суару технологиясын енгізуге, жылыжай шаруашылығын дамытуға үлес қосуға ниетті екендіктерін айтты. Сол сияқты өнеркәсіп, туризм салаларында да бірлесіп көп жұмыс жасауға болатынына тоқталды. Және шекаралық бекеттердің өткізу қуатын арттырудың мүмкіндіктерін қарастыру мәселесін де атап өтті. Қорыта келгенде мұның барлығы екі өңірдің экономикасын дамытуға ықпал ететін бастамалар екенін жеткізді.

Жиын соңында қос тарап бірлесіп, бірнеше құжатқа қол қойылды. Атап айтқанда, Қазақстанның Жетісу облысы мен ҚХР Шыңжаң - Ұйғыр автономиялы районының Іле-Қазақ автономиялы округі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы шекті келісімге Жетісу облысы әкімінің орынбасары Ернат Бәзіл мен Іле-Қазақ автономиялы облысы Үкіметінің атынан Кенжехан Далелбек қол қойды. Сонымен бірге жетісулық делегацияның осы жылдың мамырында Қытайға барған сапарында Қорғас қаласында өткізілген бірлескен жиынның хаттамасына да қол қойылды. Және де жиын соңында екі тараптың өзара ынтымақтастық байланыстарының нақты қадамдарын талқылайтын жұмыс тобы құрылып, оның құрамын бекітілді. Енді екі жақты қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған нақты компаниялар тарапынан қолға алынатын нақты жобаларды іске асыруды осы жұмыс тобы үйлестіретін болады.

Жалпы Іле-Қазақ автономиялы облысының делегациясы кешеден бері «Нұр жолы» өткізу пунктін, «Қорғас» АЭА қызметімен, Панфилов ауданының ауыл шаруашылығының аяқ алысымен танысып көргенін атап өту керек.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ЖЫМҚЫРУДЫҢ ТҰРАҚТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ СХЕМАЛАРЫ АШЫЛДЫ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет білім беру жүйесіндегі қорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді.

Бүгін ведомствоаралық кеңесте талдау қорытындысы шығарылды.

Оған Президент Әкімшілігінің, Ұлттық Банктің, жоғары аудиторлық палатаның өкілдері, Парламент Мәжілісінің депутаттары, Білім және цифрлық даму министрлері, қаржы, денсаулық сақтау, еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрлері және қоғам қайраткерлері қатысты.

Соңғы үш жылда мемлекет білім беру саласын дамытуға 12,1 трлн теңге бағытталған, бұл 2021-2023 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің барлық шығыстарының 28% құрайды.

«Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданып, мұғалімдердің жалақысы екі есеге, ал ғылыми дәрежесі мен сабақтан тыс сабақтары болған жағдайда – үш

есеге арттыруға мүмкіндік берілді.

Әлеуметтік қолдау шараларына қарамастан, білім беру саласы ең көп жемқорларланған салалардың бірі болып қалуда.

2020 жылдан бастап осы саладағы қылмыстық істер бойынша 143 адам сотталды. Мемлекетке келтірілген залал шамамен 11 млрд теңгені құрады, оның 5,2 млрд теңгесі өтелді.

Тек Жетісу облысында қалалық білім бөлімінің қызметкерлері 2,5 жыл ішінде 4,4 млрд теңгені ұрлаған. Қылмыстық топқа басшы және екі білім беру бөлімінің бухгалтері, сондай-ақ 13 мектеп бухгалтерлері кірді.

Мұндай қылмыстық схемалар елдің барлық аумағында анықталды. Алматы, Шымкент қалаларында, Қызылорда, Ақтөбе және Алматы облыстарында ең ірі жымқыру фактісі тіркелді.

Мәселен, жемқорлық тәуекелдеріне

сыртқы талдау нәтижелері бойынша бюджет ақшасын жымқырудың тұрақты тәсілдері ашылды:

1. Қызметкердің жалақысына оның лауазымына қарағанда әлдеқайда көп ақша аударған;
2. Жалақы мектепте мүлдем жұмыс істемейтін адамдарға аударылған;
3. Қызметкердің карт-шоттарына жалақы есептеліп, ал төлемдерде басқа тұлғаның тегі көрсетілген;
4. Бір адамға ақша аударымдарын

бірнеше рет аударған;

5. Олар ақшаны «өлі жандарға» - туыстары мен жақындарына аударған.

Жоғарыда аталған барлық жымқыру әдістері бір схема арқылы жүзеге асырылады. Алдымен бухгалтер төлем құжаттарын ведомстволық есеп жүйелерінен түсіреді. Өрі қарай, қажетті түзетулер қолмен енгізіліп, бұрмаланған мәліметтерді бар құжаттар кейін төлемге жіберіледі.

Мұндай манипуляциялар мектептің аталған бухгалтерлік есеп жүйелері, Ұлттық білім беру базасы және Қазынашылық клиент базасы арасындағы интеграцияның болмауына байланысты жүзеге асқан.

Осындай фактілерді болдырмау мақсатында кеңес қорытындысы бойынша уәкілетті органдар арасында білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі «Жол картасына» қол қойылды.

ПОВЫШЕНИЕ ПЕНСИЙ И ПОСОБИЙ, ПРОАКТИВНОЕ ОКАЗАНИЕ СОЦПОДДЕРЖКИ: НОВЫЙ СОЦИАЛЬНЫЙ КОДЕКС ВСТУПАЕТ В СИЛУ 1 ИЮЛЯ В РК

Вопросы реализации норм нового Социального кодекса, вступающего в действие с 1 июля текущего года, рассмотрены на заседании Правительства под председательством Премьер-Министра РК Аликхана Смаилова.

Заместитель Премьер-Министра – министр труда и социальной защиты населения Тамара Дуйсенова отметила, что теперь вопросы социальной поддержки в республике будут регулироваться одним документом — Социальным кодексом. Он вступает в силу с 1 июля, при этом часть его норм уже начала действовать с начала года.

В частности, документ охватывает вопросы соцподдержки от рождения до совершеннолетия, трудоустройства, безопасности труда, социального страхования, помощи при возникновении тяжелых жизненных ситуаций, поддержки пожилых людей и т.д.

Например, в целях усиления соцзащиты материнства и детства был предусмотрен ряд дополнительных мер. Так, с начала года увеличен срок выплаты по уходу за ребенком до 1,5 лет. На сегодняшний день такую помощь получили более 450 тыс. семей. С 1 июля также увеличится размер пособия, выплачиваемого многодетным матерям, награжденным подвеской «Алтын алқа», орденами «Материнская слава» I и II степеней, имеющим звание «Матери-героиня». Эта мера затронет порядка 90 тыс. женщин.

Кроме того, в Кодексе уделено большое внимание лицам с инвалидностью. В частности, размер пособий, выплачиваемых инвалидам, их опекунам и семьям, потерявшим кормильца, увеличится на 14,5%. С учетом увеличения размера пособий на 8,5% в начале года сумма выплат в целом вырастет на 23%.

В целом эти и многие другие нормы нового Социального кодекса направлены на повышение благополучия граждан и профилактику социальных рисков.

В ходе заседания также выступил председатель общественного объединения «Центр реабилитации инвалидов» Василий Шиманский.

О проводимой работе по актуализации данных нуждающихся граждан и оказанию адресной соцпомощи в проактивном формате в регионах доложили аким Западно-Казахстанской области Нариман Турегалиев и заместитель акима Туркестанской области Ермек Кенжеханулы.

Как отметил Премьер-Министр, предлагаемые в новом Кодексе меры позволят перезагрузить систему социальной защиты в соответствии с международными стандартами.

«Теперь в сфере соцзащиты и пенсионного обеспечения систематизировано и усовершенствовано все законодательство. В Социальном кодексе сохранены основные нормы 10 утративших силу законов. В то же время предусмотрен ряд новых положений. Все они направлены на повышение качества жизни населения», — уточнил Аликхан Смаилов.

По его словам, одной из значимых новелл Кодекса является поэтапное повышение пенсий. Так, с 1 января нынешнего года и до 2027 года размер базовой пенсии будет повышен в среднем до 51%. Это коснется более 2 млн пенсионеров. В целом принимаемые меры позволяют к 2025 году повысить совокупную пенсию (солидарная + базовая) в среднем на 27%.

Премьер-Министр также напомнил, что теперь граждане имеют право передавать 50% своих пенсионных активов в доверительное управление. Вторая половина накоплений при этом остается в ЕНПФ для обеспечения будущей пенсии.

«С 1 июля увеличиваются государственные социальные пособия еще на 14,5%. В целом общее повышение составит 23%. Инвалидность будет устанавливаться проактивно без обязательного посещения медицинских учреждений и получения подтверждений. Заключение дадут независимые эксперты из числа опытных врачей», — отметил Аликхан Смаилов.

Вместе с тем для поддержки семей с детьми дифференцирован размер пособия, выплачиваемого награжденным специальными наградами матерям: «Алтын алқа», «Материнская слава», «Мать-героиня». Это порядка 90 тыс. женщин по стране.

Кроме того, согласно новому Кодексу, в республике создаются центры трудовой мобильности.

«В регионах будет единая база рабочих мест. Это позволит людям мобильность в поиске работы», — подчеркнул Аликхан Смаилов.

Подводя итоги, он отметил необходимость обеспечить своевременное и в полном объеме назначение и повышение пособий в соответствии с Социальным кодексом.

26 МАУСЫМ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ



Халықаралық күн 1987 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының өз қызметін күшейтуге және нашақорлықсыз әлемдік қоғам құруға деген шешімінің көрінісі ретінде құрылды.

Бұл күн қоғамның назарын нашақорлықтың жаһандық проблемасына, оның салдары мен оны жеңуге бағытталған күш-жігерге аударуға арналған.

Нашақорлық және олардың заңсыз айналымы бүкіл әлем бойынша миллиондаған адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатына үлкен есер етеді. Халықаралық есірткіні теріс пайдаланумен күрес күні оны шешу үшін бірлескен күш-жігердің қажеттілігін

еске салады.

Статистикаға сәйкес соңғы бес жылда есірткіге тәуелді пациенттердің саны азайды. 2022 жылы есірткіні қолданған 17 085 пациент динамикалық бақылауда болды. Бүгінгі таңда 18 мыңнан астам пациент динамикалық бақылауда.

Өкінішке орай, жаңа психоактивті синтетикалық заттарға құмар науқастардың саны күрт өсті. Мысалы, 2018 жылы елде синтетикалық есірткі қолданған 147 тұрғын динамикалық бақылауда болды, қазір олар 731-і құрайды.

Қазақстанда 76 емхана мен аудандық ауруханада 212 психолог кабинеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, 2016 жылы Қазақстанда жылына 30 психиатр, нарколог-маман оқытылды, қазіргі уақытта білім гранттарын алған 152 резидент жоғары оқу орындарында оқиды. Соңғы жеті жылда психолог-мамандардың, наркологтардың саны 15-20%-ға өсті.

Еліміздің стационарлық көмек орталықтарында 3 747 төсек бар. Оның ішінде 270 төсек медициналық-әлеуметтік сауықтыруға арналған. Өткен жылдың басында елімізде 6 сауықтыру бөлімшесі жұмыс істей бастады, ал жыл соңына қарай 13 өңірде сауықтыру бөлімшесі ашылды.

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ ҚАРЫЗ ЕМЕС, ПАРЫЗ



Әр түрлі өмірлік жағдайларға байланысты алименттерді төлеу немесе сұрату қажеттілігі туындауы мүмкін. Осы мақалада алимент деген не, алиментті кім талап ете алады және кім төлеуі тиіс екенін, алименттерді талап ету тәртібі қандай, алименттердің қандай мөлшері заңнамада көзделген және алименттер төленбесе не істеу керектігін білесіздер.

Алимент – «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне» сәйкес, бір адамның басқа оны алуға құқығы бар адамға ұсынуы міндетті ақшалай немесе материалдық асырау. Алименттердің неғұрлым таралған жағдайы – баланы асырауға төленетін төлемдер, алайда алименттер балалардың анасына және өздерін асырай алмайтын зайыбына және ата-анасына төленуі мүмкін.

Қазақ жетімі мен жесірін жылдаптан. Неге? Өйткені біздің ата бабамымыздың иманы күшті болған.

Олар өмірдегі кез келген құбылысқа үлкен салмақпен қарап, байыпты шешім шығаратын.

Бүгінде өз туғанына тапқан-таянған нәпақасын беріп, алимент төлеуде әртүрлі себептерді алға тартатын немесе жауапты істің үддесінен шығуды кейінге қалдырудан шаршамайтын «көкек әкелердің» бұл өздігі қаншама аналарды жүдетіп, жүйкесін жұқартып жатқаны ащы шындық.

Осы ретте, өндіріп алушы 3 айдан астам уақыт алимент алмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша борышкерді қылмыстық жазаға тартуға жеке шағым білдіре алады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабына сәйкес, ата-ананың сот шешімі бойынша көмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден 3 айдан астам уақыт әдейі жалтарғанда екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын айыруға жазаланады.

Бұл жерде айта кететін жағдай, баяндалып отырған бап бойынша қылмыстық іс өндіріп алушының жеке айыптау шағымының негізінде қозғалады.

Сонымен қатар, сот шешімін орындаудан жалтарып жүрген борышкерлерді Қазақстан Республикасының Әкімшілік кодексінің баптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікте көрсетілген.

Ал енді біздің негізгі қызметіміздің бірі сот шешімдерін, сот актілерін орындау болып табылатындықтан, алимент өндіру тікелей сот орындаушыларға жүктелген.

Қазіргі таңда, Жетісу облысы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен алимент өндіру туралы атқару құжаттары бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Аталған санаттағы атқару өндірістері бойынша өндіріп алушылардың әрбір туындап жатқан сұрақтары жіті талқыланып олардың қойылып жатқан сұрақтары қанағаттандырылуда.

Себебі, алимент өндіру туралы атқару құжаттарының толық әрі нақты орындалуы тікелей ана мен баланың құқығының қорғалуына септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, айтарым, алимент өндіру туралы атқару өндірісі ерқашан ерекше назарда және бақылауда, олардың нақты орындалуына бүгінгі күні барлық жұмыстар жасалуды, себебі – Әр бала бақытты болу үшін жаралған.

Е.С.ТАЗАБЕКОВ,
Жетісу облысы жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының жеке сот орындаушысы

ЗЕМЕЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ В ПРИОРИТЕТЕ

В каждом из своих выступлениях Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркивает, что особое внимание следует уделять сельскому хозяйству. Президент откровенно говорит, что упущения и промедления в этом ключевом приоритете новой экономической политике недопустимы.

Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в февраля 2023 года провел встречу с представителями аграрного бизнеса и поручил провести тщательный анализ состояния дел в сельском хозяйстве. Президент отметил, что есть позитивные сдвиги в укреплении продовольственной безопасности и это прежде всего заслуга тружеников села. Вместе с тем в сельском хозяйстве существуют ряд проблемных вопросов, которые необходимо решать.

«Земельный вопрос» прозвучал в первом Послании народу Казахстана Касым-Жомарта Токаева 2 сентября 2019 года. Выступая перед согражданами, глава государства заявил: «Наша земля не будет продаваться иностранцам, этого мы не допустим, по этому вопросу надо прекратить домыслы». Президент также отметил, что «правительство должно в полной мере задействовать в экономический оборот сельскохозяйственные земли», а привлечение инвестиций в аграрный сектор, по мнению Президента, «необходимо как воздух».

Президент отметил, что в Казахстане немало землевладельцев, которые получили от государства бес-

платное право аренды на землю, но держат участки бесхозными.

О решении законодательно закрепить запрет Касым-Жомарт Токаев заявил в феврале 2021 года, выступая на V заседании Национального совета общественного доверия. «Земельный вопрос всегда был очень важным для нашего народа. Это прочный фундамент и священный символ нашей государственности. Я неоднократно говорил, что казахская земля не может быть продана иностранцам. Слухи об этой проблеме нужно прекратить. Я решил, что это нужно сделать срочной законодательной инициативой президента. Поручаю законодательно запретить продажу, аренду сельскохозяйственной земли иностранцам и иностранным юридическим лицам. Администрации президента следует разработать соответствующий законопроект», – сказал Токаев.

В целом принятие данного закона стало очередным свидетельством эффективности концепции «слушающего государства», показывая результативность конструктивного общественного и общенационального диалога, которые выступают одними из центральных элементов политической курса президента Токаева.

Таким образом, закон о земле, подписанный президентом Токаевым, – это один из шагов по проведению земельной реформы, нацеленной на повышение экономического благосостояния Казахстана.

Б.Тукибаев,
глава крестьянского хозяйства

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ ДҒЫНІМІЗНІ?



Қазіргі уақытта экстремизм мен терроризм мемлекеттер мен қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікке ерекше қауіп төндіруде, олар дінді өздерінің саяси мақсаттарында қолданады. Дін және оның құндылықтарымен бүркеленген уағызшылар адамзат қауымдастықтары арасында алауыздық пен өшпенділік туғызып, бүкіл әлемде төзімсіздік пен зорлықты орнатады.

«Діни экстремизм» астарында мынаны түсіну керек – діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдану. Діни экстремизм тар мағынасында діндегі шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерге берілгендік. Мұндай экстремизмнің негізін демагогиямен байланысқан зорлық, агрессия және шектен шыққан қаталдық құрайды. Кең мағынасында

бұл ұғым мемлекеттік құрылысты күштеп өзгерту немесе билікті ба- сып алу, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға



бағытталған діни мотивацияланған немесе діни безендірілген әрекет және осы мақсатта діни алауыздық пен өшпенділікті қоздыру. «Терроризм» терминіне келсек, латын тілінен аударғанда «қорқыныш, үрей» дегенді білдіреді, яғни экстремизм сипатының көрініс табуы. Терроризм зорлықтың аса қатыгез, үрейлі формалары мен әдістері арқылы саяси мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметті білдіреді. Бұл барған сайын түрлі формаларға еніп, қарқынды үрей туғызып келе

жетқан қазіргі заманның ең қауіпті әрі болжамы күрделі құбылысы. Террористік актілер адамдардың жаппай қырылуына әкеледі және бұқара халықтың басым бөлігіне психологиялық қысым көрсетеді, материалдық және рухани құндылықтардың бұзылуына, кейде мұндай зардаптардың салдары қалпына келтірілмейтіндей деңгейде орын алады, мемлекеттер арасында алауыздықтар туындату арқылы соғыстардың тұтануына ықпал етеді, әлеуметтік және ұлттық топтар арасында сенімсіздік пен өшпенділіктің пайда болуына әкеледі.

Терроризм бұқаралық және саяси маңызды құбылыс ретінде қоғамда жекелеген топтардың мемлекеттің заңдылығы мен құқығына күмән келтіруімен және сол арқылы өздерінің мақсаттарына жету үшін террорды қолдануларын ақтайтын



жаппай «идеологиясыздандырудың» нәтижесі болып табылады. Түрлі қылмыстық топтар өздерінің қылмыстық топтары үшін қолайлы жағдай жасау үшін мемлекеттік билікке ықпал ету, үрейлендіру мен жою мақсатында террорлық актілерді жүзеге асырады. Терроризм – қазіргі жаһанданушы заман қатерлерінің бірі, ол өзінің формалары мен көріністерінің ауқымдылығы және жиілігінен, адамзатқа қарсылығы мен қаталдығы тұрғысынан әлемдік қауымдастық алдындағы түйткілді мәселеге айналды.

А.МУХАНОВА,
Ескелді ауданы жұмыспен қамту және Әлеуметтік бағдарлама бөлімінің бас маманы

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ



Жетісу облысының Ескелді кәсіпкерлер палатасы – «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылымдық бөлімі болып табылады. 2013 жылдың 8 қазанында әділет органдарында тіркелген. Палатаның басты міндеті - бизнес құқығын және мүдделерін қорғау, бизнестің қызметіне қатысты заңнамалық және басқа да нормативтік қағидаларды қалыптастыру үрдісіне барлық кәсіпкерлердің кең көлемде қамтылуы мен осы үрдістерге кәсіпкерлердің қатысуын қамтамасыз ету.

Қазіргі таңның өзінде Атамекен кәсіпкерлер палатасы көп деген кәсіп орындарына және жаңадан кәсіп ашам деген кісілерге қажетінше барлық жағынан қолдау көрсетіп жа-

тыр. Соның ішінде кәсібін ашқан бырақ дамыту мақсатымен келген Жағалбай Жұмабай «Ши пагер және емші» қ қызыметін атқарады екен. Ескелді аудандық кәсіпкерлік палатасы «Атамекен» сол Ши пагерлігін дамыту үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша толық ақпарат беріп құжаттарын жинап берді, және ол кісіге 5 млн тг грантты туралы толық айтып бизнес планымен сертификаты қалай оқытыны туралы толық ақпарат берді.

Жағалбай Жұмабай туралы қысқаша мәлімет -1960 жылы ҚХР Алтай ауданы, Көктөбе ауылында дүниеге келген.

-1984 жылы оқуды бітірген кезде, Қазақ елшілерінің қалай емдейтінін көріп, сол салаға қызығып жүріп, халық емімен айналыса бастаған.

-Қазіргі таңда Жағалбай Жұмабай Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында жұмыс жасап жатыр.

Ши пагер — қазақ халқының медицинасының әдіс-тәсілдері жинақталған еңбек.

Емші, халық емшісі — өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйеніп, әр түрлі ауруларды емдеумен айналысатын адам. Қазақ халқы арасында ерте кезде шипагерлік қызмет атқарған адамдарды Е. деп атады. Бұл жұмысты, әдетте, бақсы, балгер, тәуіптер жүзеге асырды. 15 ғ-да өмір сүріп, «Ши пагерлік баян» атты еңбек жазған Өтебойдақ Тілеуқабылұлы: «Емшіні шипагер деп атаған жөн, шипа жазады, қонады, дариды, айықтырады деген сенімділіктен туады. Жазылысын, қонсын, дару болсын деген ақ тілек. Бұл науқас пендеге қуат беру», — деп, өз тұжырымын ұсынған.

Ол сонымен қатар шипагерлік ті дарымдылық және болжамшы деп екіге бөліп, оның 24 түрін атайды. Е-лер науқас адамның ауруының себебін анықтау жолын, емдік дәріні, оны қолдану мезгілін, бақылау уақытын жақсы білген;

Халық емшілігі



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың 22 маусымында «БЖЗҚ» АҚ-да «Ашық есік күні» өткізілді

«Ашық есік күні» Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары үшін дәстүрлі іс-шараға айналды. Бұл жолғы күн тәртібі – «Зейнетақыны жоспарлау. Зейнетақы калькуляторы».

Қазақстанның зейнетақы жүйесі бірнеше деңгейден және төлем көздерінен тұрады: мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ бөліктер түссе, жинақтаушы бөлік БЖЗҚ-дағы міндетті және ерікті жарналар есебінен түседі.

Еліміздегі зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі үш тарапқа бөлінеді: мемлекет, азаматтың өзі және жұмыс беруші. Сондықтан қызметкерге болашақ зейнетақысын жоспарлау үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақытылы төлеуін және жалпы жеке зейнетақы шотының жай-күйін қадағалап отырғаны өте маңызды. Қор мамандары «Ашық есік күніне» қатысушылармен осы тақырыпты талқылады.

Қатысушылар БЖЗҚ сайтындағы және БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасындағы «Зейнетақы калькуляторы» көмегімен болашақ төлемдерді есептеу мәселесіне ерекше қызығушылық танытты. Пайдаланушыға мемлекеттік бюджет есебінен берілетін зейнетақыны және БЖЗҚ-дан жинақтаушы зейнетақыны қоса алғанда, барлық зейнетақы

төлемдерінің болжамды мөлшерін дербес есептеуге мүмкіндік беретін ағымдағы және болжамды калькулятор жоғары бағаланды.

Калькулятор зейнетақы жинақтарын біржолғы пайдалануды жоспарлаған жағдайда зейнетақы төлемдерін есептеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, калькуляторда заңнамада көзделген түзету коэффициентін ескере отырып, қауіпті және зиянды өндірістерде кемінде 60 ай жұмыс істеген қызметкерлер үшін БЖЗҚ-дан төлемдерді арттыру есебі де қамтылған.

Қатысушылар инвестициялық портфельді басқаратын компанияларға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін аударған жағдайда зейнетақы төлемдерінің серпінін көруге мүмкіндік беретін есептеуді өте пайдалы деп тапты.

Сондай-ақ, «Зейнетақы калькуляторының» көмегімен зейнетақы жинақтарын аннуитетке аударған жағдайда сақтандыру ұйымынан берілетін сақтандыру сыйақысы мен сақтандыру төлемдерінің сомасын да есептеуге болады. Бұл есептеулер төлемдердің қай мерзімде жүзеге асырылатынын, оларды жүзеге асыру кезеңін, бірінші төлемнің мөлшерін түсінуге және оның сізге қаншалықты тиімді екенін салыстыруға және өз таңдауыңызды жасауға көмектеседі.

Іс-шараға қатысушылар саны көп болды және ол аса белсенді пікірталас ретінде өтті.

ТАБЫСТАР МЕН МҮЛІК ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ ЖӘНЕ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ҰСЫНУҒА БОЛАДЫ



Енді мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары декларацияны eGov.kz порталы және eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы ұсына алады.

2021 жылдан бастап жалпыға бірдей декларацияда кезең-кезеңімен өткізіледі. Осыған байланысты, бірінші болып мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары декларация тапсырды. 2021 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250 нысан) ұсынған жеке тұлғалардың деректерінде 2022 жылдан бастап жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270 нысан) табыс

ету міндеттемелері туындайды.

Декларацияда күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістер, салық шегерімдері, мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару. Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік банк шоттарындағы ақша, сондай-ақ ҚР-нан тыс жерлердегі мүлік туралы ақпарат көрсетілуі қажет.

Екінші кезеңде активтер мен міндеттемелер туралы «кіріс» декларациясын (250 нысан) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және квазимемлекеттік сектор субъектілері мен олардың жұбайлары табыс етеді.

«ҰАТ» АҚ командасы мен ҚР қаржы министрлігімен бірлесіп eGov.kz порталы

және eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы электрондық өтініш беру үшін жаңа қызметті іске қостық. Бұл өте ыңғайлы және қызметкерлердің уақытын үнемдейді сонымен қатар онлайн форматта тапсыр мерзімі қағаз түріне қарағанда кешірек, бұл қазақстандықтарға декларацияны уақытылы тапсыруға көмектеседі», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Декларацияны тапсыру мерзімі:

1) қағаз жеткізгіште ұсынылған жағдайда – декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме туындаған жағдайда 15 шілдесінен кешіктірмей, ал электрондық түрде - 15 қыркүйегінен кешіктірмей тапсыру қажет.

Жеке тұлғаның кірістері мен мүлігі туралы декларацияны қабылдау қызметі eGov.kz порталда «Азаматтарға» - «Кеден және салықтар» - «Салық салу» бөлімінде қолжетімді. Дәл осы қызметті eGov mobile мобильді қосымшасында «Қызметтер» - «Арнайы қызметтер» бөлімінде алуға болады.

Декларацияны «Салық төлеушінің кабинеті» (kgd.gov.kz) арқылы да ұсынуға болады және eSalyq azamat мобильді қосымшасы.

Қызмет ҚР Қаржы министрлігінің, ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер Комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

«ҰАТ» АҚ

Қоғаммен байланыс басқармасы

УСТОЙЧИВЫЕ ПРЕСТУПНЫЕ СХЕМЫ ХИЩЕНИЯ БЮДЖЕТНЫХ СРЕДСТВ ВСКРЫТЫ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ



Антикоррупционная служба провела внешний анализ коррупционных рисков в системе образования.

Итоги анализа сегодня подвели на межведомственном совещании.

В нем приняли участие представители Администрации Президента, Национального Банка, Высшей аудиторской палаты, депутаты Мажилиса Парламента, Министры просвещения и цифрового развития, Вице-министры финансов, здравоохранения, труда и социальной защиты и общественные деятели.

За последние три года государством на развитие сферы образования направлено 12,1 трлн тенге, что составляет 28% всех расходов государственного бюджета на 2021-2023 годы.

Принят Закон «О статусе педагога», что позволило повысить заработные платы учителей в два раза, а при наличии ученой степени и цифрового развития – в три раза.

Несмотря на принимаемые меры социальной поддержки сфера образования остается одной из наиболее коррумпированных.

С 2020 года по уголовным делам в данной сфере осуждено 143 лица. Ущерб государству составил порядка 11 млрд тенге, из которых возмещено 5,2 млрд тенге.

Только в области Жетісу работники городского отдела образования за 2,5 года похитили 4,4 млрд тенге. В преступную группу входили руководитель и два бухгалтера отдела образования, а также 13 бухгалтеров школ.

Подобные преступные схемы выявлены

по всей стране. Самые крупные хищения в городах Алматы, Шымкент, Кызылординской, Актюбинской и Алматинской областях.

Так, по результатам ВАКРА вскрыты устойчивые способы хищения бюджетных денег:

- 1. Работнику начисляется зарплата намного больше, чем положено по его должности;**
- 2. Зарплата переводят лицам, которые вообще не работают в школе;**
- 3. Начисляют зарплату на карт-счета сотрудника, а в платежках указывают фамилию другого лица;**
- 4. Дублируют переводы денежных средств на одно и то же лицо несколько раз;**
- 5. Перечисляли деньги «мертвым душам» - родственникам и близким.**

Все указанные выше способы хищения реализуются с помощью одной схемы. Вначале бухгалтер выгружает платежные документы с ведомственных систем бухгалтерии. Далее вручную вносятся нужные корректировки. После документы с искаженными сведениями направляются на оплату.

Такие манипуляции стали возможными из-за отсутствия интеграции между названными школьными системами бухгалтерии, Национальной образовательной базой данных и базой Казначейство-клиент.

В целях исключения подобных фактов, по итогам совещания между уполномоченными органами подписана «дорожная карта» по устранению коррупционных рисков в сфере образования.

АСТЫҚ ЖИНАУ ЖӘНЕ САҚТАУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Астық жинау орындарында адамдар жұмыс істеген кезде қарапайым өрт қауіпсіздігі ережесіне көңіл

бөлу қажет. Яғни адамдардың немқұрайлығынан, темекі тартып шала өшіріп тастай салады және техникалардың от қағарының бар болуына да көңіл бөлмеуі мүмкін. Бұндай шалағайлыққа өрт апаты жаны-ашырлықпен қарамайды. Егін алқаптарында техникаларын жөндеуден өткізетіні де кездеседі және дәнекерлеу жұмысында жүргізуі мүмкін, бірақ бұның бәрі өртке қауіпті. Егістік айналары өрт қауіпсіздігі жолағымен жыртылуы керек және оны қайталап жыртып

тұру керек өйткені жыртылған жерге қайта шөп өсіп, дала өрттері болған жағдайда егістікті өрт шарпым кетуі мүмкін. Науқаннан жинаған тергенді сақтау орындарында да өрт қауіпсіздігі ережесіне көңіл бөлген жөн. Астық сақтау қоймаларын алғашқы өрт сөндіру құралдармен жабдықтап, электірлік жүйелерінен өртке жол бермес үшін қадағалап, жөндеу керек. Өртке жол бермейік.

Қ.ӘШІМОВ,

Ескелді ауданы ТЖБ инженері а/қ аға лейтенанты

ДАЛА ӨРТІНЕН САҚ БОЛАЙЫҚ

Өрт қауіпсіздігін үнемі сақтау керек және өзгелерге де ескерту қажет. Өрт жолында тіршіліктің барлығын жояды. Өрттің шығу себебі тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауынан және бұзуынан орын алуда.

Жазғы өрт қауіпті кезеңде өрт жылдам таралады және үлкен аумақты қамтып материалдық шығын мен жатайым оқиғалар тудырады. Ескелді ауданының төтенше жағдайлар бөлімі дала өртін болдырмас үшін алдын алуда.

Жазғы маусымда демалушылар табиғатта, саяжай үчаскелерінде және орман массивтерінде демалу кезінде сөндірілмеген темекі немесе от жағу кесірінен өрт шығу қаупі ұлғаяды. Сондықтан аудан тұрғындарына және демалушыларға өрт қауіпсіздігін үнемі сақтау қажет екендігін ескертеміз.

Қ. ӘШІМОВ,

Ескелді ауданы ТЖБ инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ КОРРУПЦИИ!



Коррупция - главное препятствие в развитии общества. Коррупция является серьезным барьером на пути здорового развития общества, требующим вмешательства и устранения. Но эффективная борьба с этим негативным явлением невозможна, без достаточно

полного и точного знания его сущности, конкретных условий возникновения и последствий.

Коррупция-главное препятствие в развитии общества. В обыденном понимании коррупция связывается, прежде всего, как государственной службой и частных предпринимателей. И действительно, государственные служащие, обладая значительным объемом полномочий и зачастую действуя бесконтрольно, имеют все возможности использовать должностное положение в своих интересах и, следовательно, вопреки интересам государства.

А.А. НАЙЗАБЕКОВ,
Начальник ОЧС
Ескельдинского района

